



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

ИНФЛЯЦИЯЛЫҚ ҮРДІСТЕР


Қараша **2021**

Қараша айында айлық инфляция 0,7% - ды құрады, жылдық инфляция 8,7% - ға дейін баяулады. Майлар мен тоң майлар, қант пен жұмыртқа бағасының өсуінің баяулауына байланысты азық-түлік тауарлары бағасының әлсіз өсуі байқалады. Ақылы қызметтер инфляциясы реттелетін коммуналдық қызметтер бағасының неғұрлым қалыпты өсуі аясында баяулады. Жанар-жағармай мен қатты отынның қымбаттауы аясында азық-түлік емес тауарлар бағасының жылдық өсуі жеделдеді.

Қараша айында бағаның айлық өсуі 0,7% - ды құрады, жылдық инфляция 8,7% - ға дейін баяулады.


Қарашада **азық-түлік** инфляциясы 10,9% - ға дейін баяулады. Баяулауға май мен тоң май, жұмыртқа, қант бағасының әлсіз өсуі ықпал етті. Нан-тоқаш өнімдері мен жармаларға жылдық бағаның өсуі осы жылдың қазанымен салыстырғанда бұрынғы деңгейде сақталды. Сонымен қатар, астық дақылдарының, жанар-жағармай материалдарының қымбаттауы, сондай-ақ әлемдік бағалардың өсуі нәтижесінде өндірушілер шығындарының өсуі жағдайында ет және сүт өнімдері бағасының өсуінің жеделдеуі байқалады.

График 1. Азық-түлік инфляциясы



Ақпарат көзі: ҚР СЖРА ҰСБ


График 2. Азық-түлік инфляциясы



Азық – түлік емес инфляция қарашада 8,3% - ға дейін (2021 жылғы қазанда-7,8%) жеделдеді. Жанар-жағармай материалдары мен қатты отын бағасының өсуі айтарлықтай үлес қосты. Осы топтардың ішінде көмір өндірушілер шығындарының артуынан туындаған дизель отынына (жылдық мәнде 46,6% - ға дейін) және тас көмірге (9,3% - ға дейін) бағаның өсуін жеделдетуді атап өткен жөн.


2021 жылғы қарашада **ақылы қызметтер** бағасының жылдық өсуі реттелетін коммуналдық қызметтерге, мейрамханалар мен қонақ үйлер, мәдениет және демалыс, шаштараздар қызметтеріне бағалардың неғұрлым қалыпты өсуі аясында 6,4% – ға дейін (2021 жылғы қазанда-6,9%) баяулады. Орталық жылу мен ыстық су тарифтерінің төмендеуі аясында реттелетін коммуналдық қызметтер тарифтерінің өсуі біршама баяулады (3,1% - ға дейін). Сонымен қатар, серпінді сұраныстың нәтижесінде тұрғын үйді жалға алу бағасының белсенді өсуі жалғасуда.

График 3. Азық-түлік емес инфляция



Ақпарат көзі: ҚР СЖРА ҰСБ

График 4. Ақылы қызметтер




Кейбір өнімдер бағасының өсуінің шамалы баяулауына қарамастан, өңдеу өнеркәсібінде шығындардың өсу тенденциясы сақталуда. Қазан айында айтарлықтай жеделдетілгеннен кейін ауыл шаруашылығындағы бағаның өсуі біршама баяулады.

Ағымдағы жылдың шілде-қазан айларында баяулағаннан кейін қарашада ішкі нарық үшін өңдеуші өнеркәсіп кәсіпорындары бағаларының өсуінің жеделдеуі (19,3% г/г дейін) байқалады. Азық-түлік өндірісінде өсімдік майлары мен тоң майлар бағасының өсуінің баяулауы байқалады. Екінші жағынан, ет, нан-тоқаш, макарон және ұн өнімдерін мен сүт өнімдерін өңдеуде бағаның өсуі жеделдеді. Азық-түлік өнімдері өндірісінің қымбаттауының негізгі факторлары: әлемдік тауар нарықтарындағы бағалардың өсуі, жанар-жағармай материалдары мен жем-шөп дақылдары бағасының өсуі, дәнді және бұршақ дақылдарының әлсіз түсімі болды. Мұнай өнімдерін өндіруде бензин (28,1% - ға дейін) және дизель отыны (11,4% - ға дейін) бағасының өсуінің жеделдеуі тіркелді.

Қараша айында ауыл шаруашылығы өнімдерінің бағасы қазан айындағы жеделдетуден кейін 17,5% - ға дейін баяулады (18,1%). Өсімдік шаруашылығы өнімдерінің арасында күріш, көкөніс және майлы дақылдар бағасының өсуінің баяулауы байқалады. Қараша айында мал шаруашылығы өнімдерінен тірі мал мен құс, шикі сүт бағасының өсуі жеделдетілді.

График 5. Ауыл шаруашылығындағы бағалар



Ақпарат көзі: ҚР СЖРА ҰСБ

График 6. Өнеркәсіптегі бағалар

